



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

**Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттарына  
(тізім бойынша)**

2023ж. 01.12. № ДС-451 сауалға

**Құрметті депутаттар!**

Сіздердің еліміздің қорғаныс қабілетін күшейту жөніндегі шараларға қатысты депутаттық сауалды қарап, мынаны хабарлаймын.

***Оқу орындарында пилотсыз ұшу аппараттарын жобалау, құрастыру мен пайдалану негіздерін зерделеу жөніндегі бағдарламаларды енгізу қатысты***

Әскери құрылыстың қазіргі заманғы үрдісін, пилотсыз жүйені азаматтық сонымен қатар әскери мақсатта кеңінен қолдануды ескеріп, армияны жоғары технологиялық қару-жарақпен және техникамен, оның ішінде пилотсыз ұшу аппараттарымен (*бұдан әрі – ПҰА*) жарақтандыруға ерекше назар аударылуда.

Әскери оқу орындарында қазіргі заманғы оқыту технологиясын енгізу бойынша шаралар қабылдануда, оқу-зертханалық база дамытылуда, шетел әскери оқу орындарымен озық тәжірибе алмасу жүргізілуде.

Қорғаныс министрлігімен қажетті мамандарды даярлау мақсатында 2023 жылдан бастап жоғары әскери оқу орындарының білім беру бағдарламаларына курсанттар мен кадеттердің ПҰА-ны ұшырып және техникалық пайдалану негіздерін меңгеру бойынша пәндердің енгізілгенін атап өтті.

Қазіргі уақытта ПҰА мамандарын даярлау Әуе қорғанысы күштерінің (*Ақтөбе қ.*), Құрлық әскерлерінің (*Алматы қ.*), Радиоэлектроника және байланыс (*Алматы қ.*) әскери институттарында, Әскери колледжде (*Шучинск қ.*), Жауынгерлік даярлық және ПҰА қолдану оқу-жаттығу орталығында (*14157 ә/б, Тараз қ.*) жүзеге асырылады.

***Анықтама:*** Әуе қорғанысы күштерінің, Құрлық әскерлерінің әскери институттарында – «Пилотсыз авиациялық жүйелерін пайдалану және қолдану негіздері» пәні бойынша (30 сағат), Радиоэлектроника және байланыста – «Пилотсыз авиациялық жүйелер» (30с ағат), Әскери колледжде – «Барлау және ұрыста бөлімшелерді басқару мүддесінде квадрокоптерді пайдалану және қолдану» (24 сағат).

Бұдан басқа, дрондарды жобалау мен пайдалану негіздерін зерделеу азаматтық жоғары оқу орындары базасында (техникалық шығармашылық орталықтары, жас техниктер станциясы, робот-техникалық және басқа да ғылыми-техникалық үйірмелер) 17,5 мыңнан астам баланы қамтылған қосымша білім беру шеңберінде жүзеге асырылады.

***Мектепте, жоғары оқу орнында шұғыл медициналық көмек негіздерін зерделеуге, сондай-ақ оларды қажетті материалдық, оқу-әдістемелік құралдармен және дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуге қатысты***

Мектепте алғашқы медициналық көмек көрсету қағидаларын зерделеу «Бастапқы әскери және технологиялық дайындық» міндетті оқу пәні бағдарламасында көзделген.

Бұдан басқа, алғашқы медициналық көмек көрсетудің базалық дағдысы жасөспірімдер бойына әскери-патриоттық клубтарда, «Жас сарбаз» сыныптарында және «Smart Sarbaz» үйірмелерінде дарытылады, оларда бүгінгі күні 140 мыңнан астам адам білім алады.

Жастарды әскери-патриоттық тәрбиелеу шеңберінде өңірлік деңгейде тиісті жұмыс жүргізілуде. Қорғаныс министрлігінің бастамасы бойынша жергілікті атқарушы органдардың қатысуымен әскери емдеу мекемелері мен жалпы білім беру ұйымдары арасында бірқатар меморандум жасалды.

Оқу процесін қажетті материалдық-техникалық базамен қамтамасыз етуді білім беру ұйымдары бекітілген оқу жоспарлары мен бағдарламалар шеңберінде мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарға сәйкес жүзеге асырады.

***Қару-жарақпен және оқ-дәрілермен қамтамасыз ету бағдарламаларын әлемдік стандарттарға көшіруге қатысты***

Қарулы Күштерді қазіргі заманғы қару-жарақпен және әскери техникамен жарақтандыру қабылданған бағдарламалық құжаттарды (*Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың құрылысы мен даму тұжырымдамасы, 2030 жылға дейінгі Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды қайта қаруландыру және қорғаныс өнеркәсібі кешенін дамыту тұжырымдамасы*) іске асыру шеңберінде жоспарлы тәртіппен жүзеге асырылады.

Әлемдік озық қару-жарақ мен әскери техника (бұдан әрі – ҚӘТ) шығарушылармен ынтымақтастықта бұрын бірлесіп құрылған кәсіпорындар жұмыс істеуде.

Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі қорғаныс өнеркәсібі кешенін және мемлекеттің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысатын ғылыми ұйымдарды дамыту шараларын іске асыруда.

Негізгі қызметі отандық ғылыми-техникалық әзірлемелерді қаржылық қолдау және қорғаныс өнеркәсібі кешенінің ұйымын жаңғырту болып

айқындалған қорғаныс өнеркәсібі кешенін дамыту қорын құру Қазақстан тауар өндірушілерді қолдау шараларының бірі болды.

Шетелдік ҚӘТ үлгілерін отандық қорғаныс өнеркәсібі кешенінде (*бұдан әрі – ҚӨК*) шығаруды, жөндеу мен техникалық сүйемелдеуді одан әрі жергілікті ету мәселелері пысықталуда.

Бүгінгі күні Түрік Республикасымен (*«Анка» ПҰА-ны жасауды ұйымдастыру*), Сербия Республикасымен (*оқ, патрон, артиллериялық және танк оқ-дәрілерін шығару*)» Қытай Халық Республикасымен (*зеңбіректі шығару технологиясын меңгеру*), Словакиямен (*оқ-дәрілерді қалпына келтіру мен жаңғырту*), Франциямен (*қазіргі заманғы РЛС-ны шығару, радиоэлектрондық жабдықты жөндеу және қызмет көрсету*) перспективалық жобаларды іске асыру туралы уағдаластыққа қол жеткізілді.

Отандық ҚӨК-ні дамыту және Қарулы күштерді техникалық жарақтандыру мәселелері Әскери және қосарланған мақсаттағы өнімдерді, технологияларды, көрсетілетін қызметтерді экспорттық бақылау мәселелері жөніндегі комиссия отырысында ұдайы негізде қаралады және уәкілетті мемлекеттік органдардың ұдайы бақылауында.

**Ә. Смайылов**

## **ҚР Парламенті Мәжілісі депутаттарының тізімі:**

А.Қ. Назаров

Ж. Амантай

Д.А. Қасқарауов

Д.Е. Исабеков

Д.Т. Мұқаев

Е.Ж. Сатыбалдин

Т.Ғ. Серіков

Г.Ш. Танашева